

الطوفان العظيم
الطوفان العظيم



ҚРҰҒЫТҚАҒА ҚАЛЖАҒА

Сәуір
сәуірі

дана

дәрі дара
Боларды!

Қызы

21.05.09

Астана
Елорда
2000

ББК 84
Ә 20

Ә 20 Қонысбайдың қалжындары.
Астана: “Елорда”, 2000. - 44 б.

ISBN 9965-06-031-2

Халық ақыны, айтыскер Қонысбай Әбілдің ақындығын ел бағалап, халық қадір тұтары анық!

Бұл кітапшаға - ақынның әр кездері ел ішінде, зиялы орталарда айтылған әзіл-қалжың, қағытпа өлең-шумақтары топтастырылып отыр.

Сүйкенгенді сүріндіріп, қағытқанды қағып түсіретін Қонысбайдың ақындығымен қоса айтқыштығына да тәнті боласыз.

Күлкінің де неше түрі бар. Қонысбайдың қалжындарын оқығаннан кейін, тағы бір күлкіге куә боласыз...

Ә $\frac{4702250201-54}{450(05) - 2000}$

ББК 84

ISBN 9965-06-031-2

© Қ. Әбіл, 2000

ҚАРА СӨЗБЕН ҚАҒЫТҚАНЫ

Бірде алыстан қонақтар келіп, Қонысбай қастарына бірнеше күн бойы еріп жүріп ел аралатады. “Жыланның басына да ақ құйып шығаратын” Торғай халқы жатып жастық, иіліп төсек болып армансыз күтеді. Дәл кетер күнінде қатты дауыл тұрып, қонақтар “Құмкөшудің” құмды боранына ұрынады. Сонда үсті-басын қағып тұрған қонақтардың бірі:

- Апырмай, мынау ит байласа тұрғысыз жер ғой, - деп қалады. Сонда Қонысбай:

- Дұрыс айтасыз, талай итті байлап қойып едік, қазығын жұлып алып қашып кетіпті, мұнда тек адамдар ғана тұрады, - депті.

* * *

1988 жылы Торғай облысы тарап кеткеннен кейін Қонысбайдың Алматыға жолы түседі. Республикалық теледидар жанында сонда істейтін бір топ жігіттер әңгімелесіп тұрады.

Солардың бірі:

- Қонысбай біздің сендердегі тілшіміз:

Таратып ап Торғайды,

Ұстап қалдым борбайды, - деп жылап жатыр ғой, рас па? - деп сұрайды.

- Біздің жақта әрбір адамның беделіне қарай мүше бұйыратыны рас енді, - деп жауап беріпті Қонысбай.

* * *

Қонысбайдың сақал қойғанын алғаш көрген басшылық қызметте жүрген бір жігіт: “Распутиннен айнымай қалыпсың ғой”, - деп қалжындайды. Оның жасын, жолын сыйлаған Қонысбай естімеген бола салады. Алайда ол көпшіліктің бәрін өзіне қаратып алып:

- Қарандаршы, Қонысбай бөтелкенің сыртындағы Распутиннен айнымайды емес пе? - деп тағы тиіседі.

Қонысбай:

- Әркім өзінің араласқанына ұқсатады да, кітап оқитындар Ахмет атаң секілді болып кетіпсің десіп жүр, - депті жайлап қана.

* * *

Қонысбайдың жасы қырыққа жақындағанда шашына ақ кіре бастайды. Көптен кездеспеген бір танысы:

- Шашың бурылданып қалыпты, сақалың әлі қара ғой, - деп қағытады.

- Олай болуы заңды да. Сақал-мұртым шашымнан бір мүшел кіші емес пе, - депті Қонысбай.

* * *

Павлодарда Сұлтанмахмұттың тойына Қонысбай сақал, Көкен Шәкеев ағасы мұрт қойып барыпты. Қонысбай елді аузына қаратып әңгіме айтып отырса, Көкен ағасы сөзін бөлмекші болады. Ағасына еркелігі өтетін Қонысбай:

- Сақалды сөйлегенде мұртты тыныш отыруы керек, - деп жорта дүрсе қоя беріпті.

* * *

Көкен Шакеевтің жетпіс жылдағына келген Қонысбай ақын ағасының үйінде қонақасы ішіп отырады.

- Ал, Қонысжан, айналайын! Ағаң жетпіске келсе де өзін көріп отырсың, құдайға шүкір, күш-қуатым әлі қалпынша. Егер шындасам уақтың тағы бір қызын қартайтатын жағдайым бар, - деп әзілдеп, бәйбішесінің руы уақ екендігін білдіреді.

- Көкен аға, шынымен қайратыңыз тасып бара жатса, уағынан екеуін алғанша ірісінен біреуін алмайсыз ба? - депті сонда Қонысбай.

* * *

Шымкентте оншақты ақынға бір күнде ескерткіш ашылады. Әуелде әр ескерткішті ашуға екі адамнан белгілеп, Қонысбай Әсия екеуі жұптасады. Артынан жүгіріп келген біреу:

- Әр ескерткішке бір ақыннан қалсын, - дейді. Қонысбай ойланбастан Әсияға жол береді. Енді бір мойнын созып қараса кей ескерткіштің жібін айтысқа кеше араласқан жас ақындар да кесіп жатыр екен.

Қонақтар айтыс өтетін мәдениет үйіне беттегенде талдықорғандық айтыскер, сезімтал жүректі Ханша Райысова, “өкпелеп қалды ма?”, дегендей Қонысбайдың бетіне қайта-қайта қарай беріпті.

Сонда ағасы:

- Немене, Ханша, танымай қалдың ба? Ескерткіш жетпей қалған Қонысбаймын ғой, - деген екен.

* * *

Әселхан бір айтыстан шыққанда тілектестері: “домбыраңның құлағы босап кетіпті”, - деп ескерту жасайды. Бұл өңгімені Қонысбай былай деп таратады.

Әселхан алау-далау болып айтыстан шығып келе жатса, гүл тапсырған бір танысы:

- Әсеке, тамаша айтыстың, әттең, домбыраңның бұрауы келмей тұрды, - депті.

- Мүмкін емес, - деп дау айтыпты сонда Әселхан. Айтысқа шығардың алдында домбырамды әдейі Ерік Асқаровтың өзіне бұратып алғанмын...

* * *

Қонысбай дәл айтысқа шығайын деп, өз ойымен алысып тұрса, жанына Абаш Кәкенов келіп жайшылықта быдық жігіт, тез әңгіме айтамын деп таза кекеш болып қалыпты. Сонда Қонысбай Құдайберген Мырзабековке:

- Мен айтысып келгенше мынаның айтқандарын қазақшаға аударып қойшы, - депті.

* * *

Қонысбайға көшедегі бір таныс саудагері:

- Анабір кісі менімен тура 45 минут саудаласты, бірақ ештеңе сатып алған жоқ, - деп мұңын шағады.

- Е, ол шамасы көптен жалақысын ала алмай жүрген мұғалім болды ғой, - депті сонда Қонысбай.

* * *

- Көшеде бастарына тақия киген бір-екі кісіні кездестірдім, - депті бір танысы.

- Олар не Монғолиядан көшіп келген қандастарымыз, не “Қазақ тілі” қоғамында қызмет істейтіндер, - деп болжам жасапты Қонысбай.

* * *

Заманында атқамінер болған, қазір зейнеткер бір ағасы жолығып:

- Сақалың дұрыс, ал мына басыңдағы қалпақ қырғыздардікі ғой, - деп тиісіпті.

- Біріншіден, бұл қырғыздардікі емес, қазақы қалпақ. Екіншіден, кезінде қалпақ кимеген, кейіннен сақал қоймаған сіз оны қайдан білесіз, - депті сонда Қонысбай.

* * *

Қонысбайдан:

- Нені жек көресің? - деп сұрағанда:

- Шемішке шаққан әйел мен сағыз шайнаған еркекті жек көремін, - деп жауап берген екен.

* * *

Жаздың ыстығында Қонысбайдың бөлмесіндегі суды ішіп көрген қызметтестері:

- Сенің суың біздікінен салқын екен, - деп таң қалады. Сонда Қонысбай:

- Біреудің әйелі біреуге қыздай көрінеді, біреудің суы біреуге мұздай көрінеді деген осы да, - депті.

* * *

- Жылқыларыңыз қанша? - деп сұрапты Қонысбай бір шаруашылық басшысынан.

- Қазір мың бас, алдағы жылы амандық болса міндетті түрде мың жарымға жеткіземіз, - дейді ауыл ағасы,

- Сонда сіздің ауылдағылар соғым соймайтын болғаны ма? - деп таң қалыпты ақын.

* * *

Қонысбай “Мойылды” демалыс үйіне жаңа ғана орналасып, далаға шықса түсін таныған бір

аксақал атын атап дауыстап, жанына шақырып алады. Екеуі біраз әңгімелеседі, үлкен кісі де кулықшыл, сөзге шебер адам екен.

- Қонысбайжан, - дейді бір мезгілде қарт қулана жымыып. Осы “Келін - кепшік, бала-шаға аман ба?” - десіп жатады. Соның келініне түсіндім, кепшігіне түсіне алмадым, баласын білем, шағасын жобалай алмадым. Сөз танитын жігітсің ғой, осының жайын түсіндірші...

Қарттың қандай оймен сұрағанын аңғарған Қонысбай:

- Келін дегеніңіз төлқұжатыма мөр басқан үйдегісі, ал осы жақтан кездескендерді кепшік дейді. Бала келіннен, шаға кепшіктен туады, - деп мүдірмей жауап береді.

* * *

Демалыс үйіне әйелімен барғандарды “Самаурынымен келіпті”, - деп айтатын тілге кіріп кеткен бір тіркес бар екен. Бір жігіт демалысқа кететін болып, жолдас-жорасының басын қосады. Қызыңқырап қалған қонақтың бірі:

- Самаурыныңмен барасың ба, жалғыз барасың ба? - деп қайта-қайта сұрап қоймай қойыпты. Сонда Қонысбай:

- Сонау жаққа самаурынын сүйреп жүре ме, сол жақтан бір тоқ шәйнек табылар, - деген екен.

* * *

Бір мерекелік салтанатты жиналыста баяндамашы қазақшаны мүдіріп, қайта-қайта сүріншектеп әзер оқиды да, орысша бөліміне келгенде көсіліп ала жөнеледі. Манадан қабағын шытынып, қинала тыңдап отырған Қонысбай:

- Е, тақтайдай тегіс жолға жаңа түсті ғой, - депті.

* * *

Қонысбай ел аралап жүргенде, бір ауылдың қыз-келіншектері:

- Япырай, сізді көретін күн болады екен ғой,
- деп қайта-қайта айта беріпті.

- Ұстап көрулеріңізге де болады, - деген екен сонда ақын.

* * *

Қонысбайдың бір ағайыны қиналған кезінде қол ұшын бере қоймаған екен. Кейін Қонысбай елге таныла бастаған кезде бір алқалы топта кезігіп қалады.

- “Өзі болған қыз төркінін танымайды”, - дегендей, Қонысбай біздей туысын ұмытып қалған шығар, - деп қағытады.

Сонда Қонысбай:

- Қыз жылағанда ешкім жәрдем жасамаса, кейін өз қолы өз аузына жеткенде: “Біз сенің төркінің едік”, - деп есігіне маза бермесе, сонда қыз оларды танымай қалса, мен қыз жағындамын, - деген екен.

* * *

Бір Мәдениет үйінің төбесінде басы жоқ, аяғы жоқ, “Мерекелеріңіз құтты болсын!” - деген жазу ілулі тұр екен.

- Қонысбай аға, айтып тұрғаны қай мереке?
- деп сұрайды өнерпаздардың бірі.

- Е, қалқам, “жаманға күнде той” деген емес пе? - депті Қонысбай.

* * *

Қонысбай жаңадан аяқ киім сатып алған екен:

- Қонеке, етігіңіз кұтты болсын! - деп бас жазуға сылтау таба алмай тұрған жігіттер жерден жеті қоян тапқандай шу ете қалады. Олардың ойын бірден түсінген Қонысбай:

- “Дұшпан аяққа қарайды” деген, - деп бөгелместен өте шығады.

* * *

Қонысбай асығыс жол жүріп бара жатып, бір жолдасының үйіне бас сұқса, олар ет жеп отыр екен. Болмай табаққа шақырады. Тықыршып отырған онымен шаруасы жоқ қалғандары әңгіме соғып отыра береді.

Төзімі жетпеген Қонысбай:

- Қонақтар, ет алыңдар, - дейді.

- Рахмет, тойып қалдық, - деседі қонақтар.

- Ендеше, қағаз алыңдар, - деп қол сұртетін қағазды көрсетеді.

Сонда ғана түсінген қонақтар кешірім сұрап, оған рұқсат беріпті.

* * *

Бірде Қонысбай бір кісілерге ілесіп “ГАЗ-69” машинасымен жолға шығады. Машинаның жүргізушісі пысықтығын көрсеткісі келді ме, тоқтаған жерде міндетті түрде машинаның астына кіріп кетіп, кілтпен бұрай бастайды. Осы жағдай бірнеше рет қайталанды. Себебін сұрағандарға:

- Болтын бұрап жатырмын, - дейді.

Ойда жоқ жерде машина аударылып қалады. Жолаушылар аман қалғандарына сенер-сенбесін білмей бірін-бірі құшақтап жатса, Қонысбай шопырға бір бүйірінен жатқан машинаны көрсетіп:

- Осындай ыңғайлы жатқанда болтын бұрап алмайсың ба? - депті.

* * *

Белгілі сатирик жазушы Сейіт Кенжеахметұлымен Қонысбай еркелеп әзілдесе береді екен.

Бірде ағасы екеуі іссапарға шығып, қонақүйде демалады. Таңертең денесін сергітуге кіріскен інісі:

- Аға, гимнастика жасамайсыз ба? - депті.

- Айналайын, мен гимнастикам жасалып туған адаммын, - дейді ағасы.

Сақалын қырынып болған інісі:

- Аға, иіссу сеппейсіз бе? - деп сұрайды.

- Қалқам, мен іссуым себіліп туған адаммын, - дейді тағы ағасы.

- Апырмай, жапонның аппараттары секілді сапалы жасалған кісі екенсіз, - депті сонда Қонысбай.

* * *

Сейіт ағасының бір қасиеті ешкімді түстеп танып тұрмаса да, сонысын сездірмей іші-бауырына кіріп сөйлесе береді екен.

Бір тойда біреу Сейітпен ұзақ сөйлеседі, Ақыры кетуге жиналып:

- Біздің де осында көшіп келгенімізге екі айдай болды, уақытың болса үйге соқ, - дейді.

Сол-ақ екен Сейіт:

- Бәсе-ау, бұрын бұнда емес едіңіздер ғой, өзім де қайдан жүр деп ойлап едім, - деп әлгі сөзге жармаса кетеді.

Ағасының сыры өзіне мәлім Қонысбай:

- Аға, маған елу теңге беріңіз, - деп сыбырлайды.

- Не үшін? - деп танданады Секең.

- Әйтпесе қазір дауыстап: “Аға, бұл кісілер бұрын қай жерде тұрып еді?”, - деп сұраймын, - дейді Қонысбай.

- Жүгірмек неме, жүз теңге ал, бірақ тыныш отыр, - депті сонда ағасы.

* * *

Жұмағали Өмірбеков деген өнерпаз азамат бір жерден қонақтан шығарда:

- Қонысбай, тоныма қол жалғап жіберші, - дейді.

- Тоныңыз қандай еді?

- Сырты нашарлау, іші жақсылау тон болса, сол менікі...

- Онда неге теріс айналдырып киіп алмайсыз, - депті сонда Қонысбай.

* * *

Жұмағали мен Қонысбайдың алыстан қарағанда ұқсастығы көп, бірақ жас айырмашылықтары он жылдай.

Бірде Жұмағали Қонысбайдан көзін алмай тесіліп қарайды.

- Аға, неге соншама қадалдыңыз? - деп сұрайды інісі.

- Жай, әншейін, он жылдан кейін қандай болады екенсің, соны ойлап отырмын...

- Он жылдан кейін мен тура өзіңіздей боламын. Ал сол кезде сіз қандай боласыз, одан да соны ойлағаныңыз жөн, - депті Қонысбай.

* * *

Жұмағали әңгіме айтып отырады.

- Сонау қырдың басына атпен шоқытып шыға келсем, қарсы алдымда жиырма қасқыр кетіп барады екен...

- Хош, жиырма бөлінген екі, яғни он қасқыр... Айта беріңіз, аға, - депті Қонысбай.

* * *

Қонысбайдың Марат деген күрдасы денесі шағын, қимылы қағілез, көбіне зыр қағып жүгіріп жүреді екен.

- Қонеке, Маратты көрдіңіз бе? - деп сұрайды біреу.

- Білмеймін, жүрген мана кілтін бұрап жіберген ойыншық құсап, - деп жауап береді Қонысбай.

* * *

Үйге келген қонақ әңгімесін айтады.

- Қалаға қарай екі машина болып шыққанбыз. Бір кезде арттағы машина жын ұрғандай жүйткітіп басып озды. "Алла-ай, мыналар бірнәрсеге ұшырамаса екен", - дедік. Біздің машинада бір-екі әйел бар еді, солар ойбайлап жылай бастасын...

- Апырмай, ағасы, дауыс қылатын әйелдерге дейін алып, жолға үлкен даярлықпен шыққан екенсіздер, - депті сонда Қонысбай.

* * *

Қонысбайдың ұната қоймайтын өнері - ет турау екен. Үйге кісілер келген соң амал жоқ, пышақты өзі қолға алады. Көп ұзамай мандайынан тер бұршақтай бастайды.

- Шіркін-ай, жұрттың қонағы кішкенедең кейін: "Жетеді, енді турамай-ақ қой", - деп жалынып жатады. Маған келген қонақ мыңқ етпейді, - депті ақыры шыдамай.

Қонақтары әке-көкелеп қолындағы пышағын тартып алғандай болыпты.

ӨЛЕНМЕН ӨРНЕКТЕГЕНІ

1995 жылы Ұлы Абайдың 150 жылдық тойында Қарауылда Торғайдың 18 қанатты киіз үйінде Астанадан келген әдебиет, өнер, ғылым қайраткерлері қонақ болып отырады. Мандайы жарқырап төрде отырған Әбіш Кекілбаев шешіле сөйлеп келіп:

— Кешегі Абай заманындағы алауыздық, бақталастық әлі жалғасып келеді. Соған менің Адай - кеудем қатты құлазиды, - деп бір тоқтайды.

Сол сәтте ұлттық Академияның президенті Кенжеғали Сағадиев Қонысбайға бұрылып: — Қонысжан ағанның осы сөзін жырмен жалғап жіберші, — дегенде, Қонысбай ақын домбырасын ала салып:

- Сізді аға бөлек тұлға есептеймін,
Жайылып болайыншы төсек деймін.
Дәл бүгін сіздің Адай - кеудеңізден,
Төгілген ойдың бәрі кесек деймін.

Артына тастап небір замандарды,
Жан-жақта тағдыр жолы тарамдалды.
Кесектеп Адай - кеуде төккен ойдың,
Мөнісін Арғын - ақыл дәл аңғарды.

Көпшілік сөзіңізге ұйыған-ды,
Естерін естігендер жиып алды.
Төгілген сіздің Адай - кеудеңізден,
Тәлімді Қыпшақ — құлақ құйып алды.

Түссе екен жақсылардың жолы тағы,
Сөз мәнін кімдер ұқса - сол ұтады.
Айтылған салмақты ойды таразылап,
Асықпай қазақ - миым қорытады. -

деп төгіп жібереді.

Сонда риза болған Әбіш ағасы: - Аузымнан
андаусызда шығып кеткен бір теңеуді дамытып,
санын төртке жеткіздің, айналайын! Ендеше, осы
төртеудің түгелдігін тілейік! - деп бетін сипапты.

* * *

Сол мәжілісте ақынның қолтығы
сөгілгендігін аңғарған Кенжеғали Сағадиев ағасы:

- Қонысжан арқаң жаңа қызып келеді, енді
осы дастархан басында отырған игі-жақсыларға
бір-бір шумақ арнап жіберші, - деп қолқа салады.

Сонда Қонысбай:

- Әркім де сыйлағанның құлы деймін,
Ақынның сарқылмайды жыры деймін.
Отырған осы жерде ағалардың,
Бәрі де шеттерінен ұлы деймін.

Айналған қазағымның иманына,
Ризамын жақсыларды жиғанына.
Қуандым осы алып ағалардың,
Он сегіз қанатты үйге сыйғанына.

Бағасы жақсылардың білінгендей,
Көзіме алты қырдан ілінгендей.
Көсіліп Әбіш ағам сөйлеп кетсе,
Көрінер ұлы Мұхтар тірілгендей.

Болады әр ақынның өз биігі,
Айтқан жөн қанған кезде сөзді иіні.
Көкімбек ағам отыр ортамызда,
Қазақтың алтын мүйіз “Жезкиігі”.

Білемін мұндай аға таптырмасын,
Мен бүгін ірікпеспін аттың басын.
Қазақтың поэзия аспанына,
Ұшырды жырларының “Ақ тырнасын”.

Осы төр ұжымақтың бұрышындай,
Қаламын көпке қалай жыр ұсынбай.
Қоғабай ағамыздың өткір тілі,
Аманкелді бабамның қылышындай.

Көңілім болмас күнде ырза бұлай,
Көтерген ел жүгінің бір жағын-ай.
Мырзатай ағамызды “Сыртқа сал”- деп,
Қазаққа берген екен мырза Құдай.

Арқасы ағалардың еленгенім,
Алыстан атын естіп елендедім.
Орны бар әдебиетте ойып алар,
Салмақты Қойшығара, Төлендерім.

Басымыз жайшылықта бір қосылмай,
Жолығысып жүреміз жыл құсындай.
Есімі Кенжеғали болғанымен,
Ағам бар халқымыздың тұңғышындай.

Айтылған сөздерімде назым басым,
Жақсының алдынан ор қазылмасын.
Қазаққа тұлға болған ағаларым,
Мәңгілік жұптарыңыз жазылмасын.

Отырған осы үйде толы халық,
Шетінен шықсам ба екен қолын алып.
Абайдың екі жүзге толған тойын,
Қарсы алып, дәл осылай жолығалық! -

деп бір-ақ қайырғанда, Кенжеғали Сағадиев: —
Абайдың айтысының ақтық сайысына өте алмай
қалған ақынның сөздерінің түрі ғой, - деп басын
шайқапты.

* * *

Бір жерде қонақта отырған Қонысбайға жи-
налғандардың арасындағы егделеу ел ағасы:

- Қонысжан, Әліби (Жангелдин) атаңның
атын ауданнан қайтып алу керек деп кей туыста-
рың шу көтеріп жатыр ғой, осыған не дейсің? -
деп сұрақ қойыпты.

Сонда Қонысбай:

- Кезінде Ленинге жан теңгермедік,
Сиынып, пайғамбардан кем көрмедік.
Ал, бүгін Мовзолейден алу керек,
Халықтың қарғысынан өлген дедік.

Жангелдин қазаққа түк жасаған жоқ,
Соңынан сол Лениннің ерген дедік.
Шоқынды ақ патшаның жансыз екен,
Қартасын жаудың сызып берген дедік.

Ыбырай балаларды шоқындырды,
Сол үшін алған медаль, орден дедік.
Сәкенді “Қызылдардың қол шоқпары”,
Суретін алу керек төрден дедік.

Біз әлі мұныменен тоқтамаймыз,
Талайды тұрғызамыз көрден дедік.

Кешегі асылдардан түк қалмады,
Қазағым, неткен мұнша көргенді едік,

деп орнынан тұрып жүре беріпті.

* * *

1997 жылы Торғай облысы екінші рет жабылғанда Қонысбай Алматыға ақындар айтысына келеді. Алдын-ала болған кездесуде, қазылар алқасының төралқасы:

- Қонысбай, Баянғали, ертең айтыста облыстарыңның тарап кеткені туралы айтпай-ақ қойындар, - деп ескерту жасайды. Сонда Қонысбай:

- Мен айтысқа машина мініп, магнитофон алуға емес, халқымның мұң-зарын айтуға келдім. Сондықтан ештеңеге уәде бере алмаймын, - деп жауап береді.

Ертесіне Павлодарлық Серік Құсанбаевпен сөз сайыстырып отырғанда Торғай туралы:

- Торғайым ақ патшаға жақпап еді,
Кеңес те арқасынан қақпап еді.
Алайда жиырма жылда облысты,
Екі рет ашып қайта жапқан еді.

Торғайым көрген талай айқасынды,
Жасыту оңай болмас қайта асылды.
Қонаев кеткен кезде жабылып қап,
Колбиннен құтылғанда қайта ашылды.

Жығылған күреске шын тоймайды екен,
Аламын десе құдай қоймайды екен.
Басына үкіметтің кім келсе де,
Торғайды ашып-жауып ойнайды екен.

Сонда олар қандай мақсат көздейді екен,
Жүрегін қиянатқа төзбейді екен.
Мысыққа ойын болып көрінгенмен,
Тышқанға өлімдігін сезбей ме екен, -

деп төкпелетіп жіберіпті.

* * *

Бір жолы халықпен болған кездесуде бір кісі
Қонысбайға:

- Қонеке, біз сіздің сегіз қырлы бір сырлы
екеніңізді білеміз. Ал енді өз бойыңызда қандай
кемшілігім бар деп ойлайсыз? - деген сұрақ қой-
ыпты.

Сонда Қонысбай:

- Тайдырмай тура жолымнан,
Адалдық, маған сор болдың.
Бәрі де келіп қолымнан,
Жағыну келмей қор болдым, -

деп шынын айтыпты.

* * *

Қапсағай денелі, түндегі мәжіліс өтіп кет-
кен, сақалын қырынбаған жігітке айтыс ақыны
Ерік Асқаров қарап тұрып:

- Көк курткалы, денелі, ақ сақалды, - деп
бастап:

- Ары қарай сіз жалғап жіберіңізші Қос-аға,
депті.

Сонда Қонысбай ойланбастан:

- Ішіп алған, танымас тірі жанда.
Аузы толған боғауыз, қырып-жойып,
Арақ иісі бұрқырап келіп қалды, - деген екен.

* * *

Облыстардағы телерадиокомпанияларының төрағалары Қызылорда қаласында жиналады. Қонысбай ол бас қосуға жезқазғандық әріптесі Сәбит Байдалинмен бірге машинмен барады. Қазақ радиосы мен телевидение корпорациясының сол кездегі төрағасы, жазушы Шерхан Мұртаза:

- Торғай мен Қызылорданың арасы қанша жер екен, Қонысжан? - деп сұрайды.

- Онша алыс емес, он шампандық-ақ жер екен, Шераға - деп жауап беріпті Қонысбай.

* * *

Сол сапарда қонақтарға үлкен қонақасы беріледі. Дастарханның бір бетінде арпа ішіндегі жалғыз бидайдай болып жас қыз бала отырады. Облыстық төрағалардың президенті болып саналатын шымкенттік Байдолла Қонысбеков сол жерге жайғаса бергенде Қонысбай:

- А, Байеке, сіздің орыныңыз төрде, - деп жылдамдата жоғарылатып жіберіп, жұрттың бәрі көз тігіп отырған орынға өзі орналасады. Осының бәрін асықпай бақылап отырған Шерағаң:

- Қонысбай!

Тауыпсыз жақсы қоныс, жай, - дейді.

Сонда Қонысбай жұлып алғандай:

- Жоғарлатып жібердім,

Байекеңдей болысты ай, - деп жалғап жіберіпті.

* * *

Облыстың телерадиокомпанияда өзінің орынбасары болып істеген Әділхан Жанбосынов деген жігіт қырыққа толады.

- Қонеке, мына Әділханның мерейтойының құрметіне бір ауыз тілек айтып жіберіңіз. Өзі әділ, өзі хан аты да жақсы емес пе, - деседі қонақтар.

Сонда Қонысбай:

- Қырық жасты демессің: "Бұл көп белес",
Жақсы жанды қандай ел құрметтемес.

Әділ болсаң жетеді маңайыңа,
Бас-басыңа хан болу міндетті емес, - депті.

* * *

Ерік Асқаровтың насыбай ататынын байқап қалған бір қыз Павлодар қаласында өтіп жатқан айтыста ерке ақынға:

- Насыбайың қайда? - деп сауал тастайды.

- Насыбай - атамыздан қалған асым, - деп келетін бір шумақпен жауап берген Ерік қалтасындағы күміс шақшасын шығарып көрсетеді. Халық қол шапалақтайды.

Айтыс аяқталған соң Қонысбай:

- Ерікжан, манағы қыз насыбайды айтамын деп аузынан қағынды. Ондай оңжамбасқа келген тұстан қапы қалмаушы едің ғой, - деп ой тастайды.

- Менің орнымда сіз болсаңыз не айтар едіңіз, Қос-аға? - деп сұрайды ақын інісі.

Мен болсам:

Япырай, мына қыздың айласын-ай,

Көргендей біздейлердің пайдасын-ай.

Түспалдамай ойыңды ашып айтшы,

Жұмбақтап отырғаның қай насыбай? - дер едім деген екен.

* * *

Жамбылдың 150 жылдық халықаралық айтысында алматылық Ермек Жұматаев талдықорғандық Ханша Райысованың бетіндегі әжімге тиіседі.

Кейін пікірлескенде Қонысбай Ханшаға:

- Мана әжіміңе тиіскенде:

Айтысам ел алдында жанды салып,
Халқымнан жүруші едім алғыс алып.

Ермекжан, әжімдерім ұнамаса,
Өтектеп жіберсеңші марлы салып, - демедің
бе депті.

* * *

1988 жылы Қонысбай Қарағанды облыстық ақындар айтысына қонақ болып шақырылады. Халықтың ілтипатына бөленген Айгүл Түсіпбекова атты ақын қыз:

- Жолдасым қатты ауырып бүгін тойға келе алмай қалам ба деп жылап едім, - деп ағынан жарылса, қарсыласы Қуаныш Мақсұтов:

- Ал, бүгін госэкзаменім бар еді, тойға мен де келіп отырмын ғой, - деген мағынада жеңіл жауап беріпті.

Айтыс біткен соң мұңайыңқырап тұрған Айгүлді Қонысбай:

- Айтыста небір жайлар басқа келер,
Мөлдіреп екі көзге жас та келер.
Қуаныш еркелігін кешіре сал,
Біле ме қыз қадірін жас немелер, - деп жұбатады.

* * *

Келесі күні Қонысбай Түсіпбековамен сөз сайысына шығады. Дәл сол күні газет беттеріне Торғай облысының тарағаны туралы жарлық жарияланған екен.

- Аға, енді сіз қай облыстың ақынысыз, - деп сұрған қарындасына арқалы ақын:

Қонысбай қарызға сөз сұраған ба-ай,
Дәл бүгін сынамашы бұл ағанды-ай.

Торғайым тарап кетіп арқа сүйер,
Болып тұр асқар тауым құлағандай.

Жырларын Нұрханымның сүйеу көрдім,
Есімін Амангелді тіреу көрдім.
Халыққа оңай тиіп жатқан жоқ-ау,
Қатесі бір кездегі біреулердің.

Ойласаң, жүрек кетер мұздай болып,
Табаннан өткен ызғар, сыздай болып.
Қостанай қолтығына қайта кірдік,
Тұрмыстан қайтып келген қыздай болып -

деп толғапты.

* * *

1986 жылы Республика сарайында қыз бен жігіт
айтысы өтіп жатады. Әселхан өз кезегінде: “Бөркіңе
үкі тағып, үкілі Ыбырай боламын деп жүрсің бе?”
- деген қалжың айтады. Сонда Қонысбай:

- Бөрікке үкі тағу ырым шығар,
Демеймін мұны үлкен мінім шығар.
Үкілі Ыбырайдай болмағанмен,
Қайратқа еліктеген түрім шығар, -

дей келіп, 1984 жылы Әсия шапанына тиіскенін
есіне алып:

- Жігітке жақсы киім нұқсан ба екен,
Мәнісін бұйырмасын ұқсам бөтен.
Дұрысы қыздарменен айтысқанда,
Мәйкішені домбыра ұстап шықсам ба екен? -

деп жұртты қыран-топан күлдіріпті.